

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 маусымдағы № 546 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ж о б а с ы ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

9

м а у с ы м д а ғ ы

№

5 4 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

(бұдан әрі - Тараптар деп аталатын) Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

Шанхай ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі - ШЫҰ) мүше мемлекеттердің халықтары арасындағы достық қатынастарды дамыту және нығайту мақсатында, тең құқық және өзара сыйластық негізінде,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы хартиясының, 2007 жылғы 16 тамыздағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілігі, достығы мен ынтымақтастығы туралы шарттың ережелерін, сондай-ақ ШЫҰ-ның басқа да құжаттарын басшылыққа ала отырып,

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты күшейтуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығының мынадай бағыттары бойынша ынтымақтастықты дамытады:

- е г і н ш і л і к ;
- м а л ш а р у а ш ы л ы ғ ы ;
- о м а р т а ш а р у а ш ы л ы ғ ы ;
- в е т е р и н а р и я ;
- селекция, тұқым шаруашылығы және асыл тұқымдандыру ісі;
- мелиорация, суландыру және ауыл шаруашылығын суландыру;
- ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және оның саудасы;
- ауыл шаруашылығы машиналарын жасау;
- ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер. Ынтымақтастықтың басқа бағыттары Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша қосымша қамтылуы мүмкін.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген ынтымақтастық бағыттары ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай нысандарда іске асырылады:

- ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми және инновациялық жетістіктермен а л м а с у ;
- ауыл шаруашылығының озық техникасымен және қазіргі заманғы т е х н о л о г и я л а р ы м е н а л м а с у ;
- бірлескен инвестициялық ауыл шаруашылығының жобаларын әзірлеу және іске а с ы р у ;
- Тараптар өткізетін ауыл шаруашылық және инновациялық көрме-жәрмеңкелерге қ а т ы с у ;
- ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық технологияларды әзірлеу және е н г і з у ;
- ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің заңнамасы және ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеу өнімдерінің биологиялық сапасына және биологиялық қауіпсіздігіне арналған стандарттар туралы ақпаратпен алмасу;
- ауыл шаруашылығы саласында бірлескен ғылыми конференциялар, семинарлар және д ө н г е л е к ү с т е л д е р ұ й ы м д а с т ы р у ;
- зерттеулер, ғылыми экспедициялар ұйымдастыру, сарапшылармен, ғалымдармен және т е х н и к а л ы қ п е р с о н а л м е н а л м а с у ;
- тұқымдармен және көшеттермен, жануарлармен, селекциялық материалмен

а л м а с у ;

- өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, өсімдіктерді қорғаудың биологиялық және химиялық әдістері бойынша ғылыми жетістіктерді әзірлеу және енгізу;
- жануарлар мен өсімдіктердің трансшекаралық ауруларын анықтау, оқшаулау және карантиндік және айрықша қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес;
- тікелей экономикалық байланыстар орнатуда ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен тиісті шаруашылық құрылымдарына қолдау көрсету;
- ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Тараптар өзара келісім бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалана алады.

3-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында алынған интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне арналған құқықтарды ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қорғауды қамтамасыз етеді.

4-бап

Егер Тараптар арасында нақты әрбір жағдайда жеке хаттамалармен ресімделетін өзгеше уағдаластықтар болмаса, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты барлық шығыстарды дербес жабады.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау жөніндегі ынтымақтастықты үйлестіру мақсатында Тараптар ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің арнайы жұмыс тобын құрады.

Арнайы жұмыс тобының қызметі тиісті регламентпен реттеледі.

6-бап

Осы Келісімнің жекелеген ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамаларға қол қояды.

7-бап

Тараптардың келісімімен осы Келісімге, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты даулы мәселелер мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, олар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

10-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастықтың жұмыс істеу тілдері орыс және қытай тілдері болып табылады.

11-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және депозитарийдің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы оған қол қойған Тараптардың әрбірінің соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, келесі бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

12-бап

Күшіне енгеннен кейін осы Келісім ШЫҰ-ға мүше кез келген мемлекеттің оған қ о с ы л у ү ш і н а ш ы қ .

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күннен кейін күшіне енеді.

Депозитарий қосылған мемлекетке қатысты осы Келісімнің күшіне ену күні туралы Тараптарды хабардар етеді.

13-бап

Кез келген Тарап осы Келісімнен болжамды шығатын күніне дейін 90 күн бұрын депозитарийге бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібере

отырып шыға алады. Депозитарий шығу туралы хабарлама алған күннен бастап 30 күннің ішінде мұндай ниет туралы басқа да Тараптарды хабардар етеді.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгелер туралы уағдаласпаса, басталған, бірақ оның қолданысы тоқтауға дейін аяқталмаған оған сәйкес жүзеге асырылатын қызметін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімнің депозитарийі ШЫҰ-ның Хатшылығы болып табылады, ол осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 30 күннің ішінде Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

2010 жылғы «__» _____ қаласында орыс және қытай тілдерінде бір түпнұсқа данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін
Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін
Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының*

Үкіметі үшін